

**REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 6 (2014), 77 – 82

**THE MAIN OF INFECTING AGENTS OF SUGAR BEET IN THE
CONDITIONS OF HUGO – THE EAST OF KAZAKHSTAN**

G.A. Mombekova

magnazko @mail.ru

The Institute of Microbiology and Virology, Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Key words: sugar beet, pathogen, mushroom diseases, viral diseases, root decay, farinaceous dew, rizomaniye

Abstract. In the survey article information is presented touching a problem declines of harvest of sugar beet in Kazakhstan. It is shown different authors, that in the conditions of southeast of Kazakhstan wide distribution was got by such mushroom and viral disease, as root rots, farinaceous dew, rizomaniye. For a fight against these illnesses events are offered: more often to change crop rotations, pick up the steady to illnesses sorts of seed, conduct a timely disinfestation them from a pathogenic microflora, not to grow in a flow a few years on one place sugar beet.

In an order to protect the harvest of sugar beet from losses, it is necessary to conduct timely diagnostics of most often meeting mushroom diseases. It is also necessary more carefully to study the features of development of local патогенов in laboratory terms for development of certain protective measures, that will not only limit but also will prevent development of the most dangerous infections during a vegetation and considerably.

ӘОЖ. 579.8

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАНТ ҚЫЗЫЛША ЕГІСТІГІНДЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТИН
АУРУ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ**

Г.А. Момбекова

magnazko @mail.ru

ҚР БФМ FK «Микробиология және вирусология институты» РМК, Алматы

Тірек сөздер: қант қызылшасы, патоген, санырауқұлактық ауру, вирустық ауру, тамыр жегісі, тамыр шірігі, әк ұнтақ, ризомания

Аннотация. Шолу мақалада еліміз бойынша қызылша өнімінің төмендеуінің себептері сипатталған. Сонымен бірге қант қызылшасын есіретін Қазақстанның суармалы оңтүстік-шығыс жағдайында жиі кездесетін ауру түрлеріне: тамыр жегісі, тамыр шірігі, әк ұнтақ, ризомания аурулары және олардың таралу жолдары көлтірілген. Аурудың алдын алу шаралары, оның ішінде ең маңыздысы ауыспалы егістікті дұрыс жүргізу мәселесі қарастырылған. Ауруға тәзімді сұрыптарды шығару жұмыстары қамтылған. Өнімді жоғалтпау үшін уақытылы ауруларға диагностика жасалу қажеттілігі, ауру қоздырғыштардың биоэкологиялық есу ерекшеліктерімен қатар инфекция ошағын білу, дақылды сауықтыруға, ауруды шектеуге және вегетация кезеңінде жекелеген ауруларды болдырмауға мүмкіндік беретіндігі жайлы және қызылша өндірісін жетілдіру жолдарына қорытынды жасалған.

Қант қызылшасы өндірісі Қазақстан Республикасының агроеңдірістік кешенінің даму бағдарламасының 2010-2014 жылдарға үкімет бекіткен негізгі 8 басым бағыттарының бірі болып саналады. Аталған бағдарламада өсімдік шаруашылығының тұрақты дамуын және халықты азықтұлік қауіпсіздігінен қаматамасыз ету, негізгі ауылшаруашылық дақылдарының егістік алқаптарының көлемін көнейтуге негізделген. Еліміздің оңтүстік және оңтүстік – шығыс суармалы егістік алқаптарында егілетін ауылшаруашылық басым дақылдарының бірі – қант қызылшасы. Қызылша өндірісі қант өнеркәсібінің негізі болып саналады. Қант қызылшасы сонымен қатар азықтық дақыл ретінде де бағалы, тамыр жемісін қайта өндеу арқылы алынған қалдықтары құнтарлы мал азығы ретінде кең қолданады [1-3].

Дегенмен, көзірігі кезде елімізде отандық қант шаруашылығы және халықты қантпен қамтамасыз ету күрделі мәселе қалпында қалып келеді. Соңғы 25 жылда маңызды техникалық дақылдың егістік алқабы 5 есеге дейін қысқарды. Егістік алқаптың, өнімділіктің төмендеуінен қазіргі уақытта Қазақстан қант өндірісін өз шикізатымен тек 6% ғана қамтамасыз ете алады, ал қалған 94% қант өзге елдерден импортталады.

Қазақстанның онтүстік-шығыс аймағының климаттық жағдайы қант қызылшасын өсіруге қолайлы болғанымен, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің пікірінше, экономикалық жағынан тиімсіз. Қант қызылшасын өсірудің тиімділігін арттырудың және оның өндірісі мен қайта өндеудегі басты мәселесі - шығынның көптігі [4-5].

Бұғінгі таңда еліміз бойынша жалғыз қант қызылшасының гендер қорын зерттеумен, оның селекциясымен, будандарымен, тұқым шаруашылығымен айналысады Талдықорған қаласындағы Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының филиалы «АгроЭндірістік кешені саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу» бағдарламасымен жұмыс жасауда.

Отандық селекция үшін курделі мәселе селекциялық жұмыстың негізі қант қызылшасының гендер қорының шектеулілігі. Сондықтан қант қызылшасының бастапқы гендер қорының негізін байытып, бағалап және жана қасиеттерін жетілдіру қажет [5-6].

Қант қызылшасы вегетация барысында, сонымен қатар сактау кезінде аурулармен зақымдалады. Аурумен курс шараларының дұрыс жүргізілмеуі нәтижесінде өнімнің шығынын орташа есеппен 20% жоғалтады, сондықтан аурумен курс шараларын жүргізуін экономикалық маңызы жоғары. Олар – қант қызылшасын өсірудің озық технологиясына қатысты іс-шаралар, аурумен зақымданудан сактандыратын арнайы тәсілдері, аурулардың ошағын бәсендеуін қамтамасыз ету.

Қант қызылшасының ауруларымен курс шаралары агротехникалық және ұйымдастырылған шаруашылық шаралармен қатар химиялық өндеу тиімді болып табылады. Ауруларға қарсы ұйымдастырылған шаруашылық шаралардың ішіндегі маңыздысы – ауыспалы егістікті дұрыс жүргізу. Ауыспалы егістіктің бұзылуы нәтижесінде аурудың күшеюіне, топырақта ауру қоздырығыштарының (тамыр жегісі, тамыр шірігі, церкоспороз, таттану, ақ ұнтақ және т.б.) жиналудың өкеледі [6-7].

Қант қызылшасы ауруларының ішіндегі кең тараған және зияндылығы жоғарысы – тамыр жегісі, тамыр шірігі, ақ ұнтақ, ризомания аурулары болып табылады.

Қант қызылшасы егілетін әрбір аймақта дақылға елеулі зиян келтіретін аурулар жиынтығы кездеседі. Ауру қоздырығыштарына жататын микромицеттер мен бактериялар жиынтығының 80-ге жуық түрлері бар. Соның ішінде жаппай кездесетін, кең тараған, зияндылығы жоғары ауру – тамыр жегісі. Ауру қоздырығыштарының ішінен жиі кездесетін саңырауқұлақтар туысынан: *Fusarium*, *Penicillium*, *Rhizopus*, *Phoma*, *Pythium*, *Aphanomyces*. Тұқым жарнағынан өскін өсу фазасынан 3-4 нағыз жапырақ фазасына дейін зақымданады. Одан кейінгі фазаларында тамыр жегісі қауіпті болып саналмайды. Нәтижесінде тұқым жарнағы түбінен қарайып, шіри бастайды да, біртінде ұлпалары қарайады. Өскін топырақ бетіне шықпастан өле бастайды. Тамыр жегісі негізінен артық ылғалдылықтан және ауаның жеткіліксіздігінен, өсіреле ауыр, қышқыл шайынды топырактарда жақсы дамиды. Кейде гербицидтік қысым түскендіктен де болады [8-9].

Сонымен қатар өте жиі кездесетін аурулардың ішінен тамыр шіріктерін айтуда болады. Олар: тамыр шірігінің ақ зені, қоңыр шірігі, қызыл шірігі, дөңгелек шірігі және т.б.

Аурудың зияндылығы егу технологиясына, дақылдың физиологиялық жағдайына және агрессиялық патогендердің топырақта жиналудың біраз ауытқып отырады. Қант қызылшасы егілетін алқаптарда тамыр шірігінің тараулуы біркелкі емес.

Тамыр шірігінің ауру қоздырығыш саңырауқұлақтардың ішінен Республиканың онтүстік, онтүстік-шығыс облыстары бойынша *Fusarium*, *Rhizoctonia*, *Crinipilles* және *Penicillium* саңырауқұлақтар туысы басым болды. Сонымен қатар *Verticillium*, *Alternaria*, *Mucor*, *Cladosporium*, *Rhizopus*, *Trichoderma* және т.б. саңырауқұлақтар туысының түрлері кездеседі. Соған байланысты Республиканың онтүстік облысында көбінесе ақ зен басым болса, ал онтүстік-шығыс облысында дөңгелек шірік кең тараған, агрессивті тамыр шірігінің ауру қоздырығышына *Rhizoctonia solani* және *Crinipilles Pat* жатады [10-12].

Жыл сайын суармалы жерлерде қант қызылшасы ақ ұнтақпен закымданады. Аурудың дамуы әр жылда әр түрлі болады және құргақ, ыстық ауа райында немесе ұзак уақыт құргақшылық қысқа мерзімді жауын-шашиңмен алмасқанда қарқынды жүреді. Ақ ұнтақ ауруының қоздырығышы - *Erysiphe cominis f. betae* саңырауқұлағы болып табылады. Құргақ және ыстық ауа райында ауру қоздырығыш саңырауқұлақ маусымның үшінші декадасында біліне бастайды. Осыған сәйкес ақ ұнтақ ауруы құргақ және ыстық климатты аудандарда көн таралған. Аурудың алғашқы белгілері ерте білінетіндіктен, бұл оның зияндылығының жоғары екендігін көрсетеді. Оның зияндылығы өсімдікten коректік заттар мен суды шығару арқылы паразит саңырауқұлақ өсімдіктің қалыпты процесін бұзады. Нәтижесінде тамыр жемісіне жапырағы арқылы түсетін қант және өзгеде коректік заттардың түсін сонымен бірге ассимиляция процесін шектейді.

Закымдалған қант қызылшасының жапырағы мерзімінен бұрын солып, сау өсімдікпен салыстырғанда тамыр жемісінің салмағы 10-40% кем, ал қант мөлшері 0,5-1,5% төмен болады [13-14].

Қант қызылшасы ауруларының ішінен Республика бойынша экономикалық шығыны жағынан бірінші кезекте тамыр шірігі мен ризомания тұр. Тамыр жемісінің өнімділігі мен қанттылығы күрт төмендетеп, шығынның көлемі 50% дейін жетеді.

Қызылша өндірісінде саңырауқұлақтық аурулармен қатар вирустық аурулардан болатын (тенбіл, вирустық сары ауру) шығындар да жоғары. Вирустық аурулар өсімдіктердің жойылуын тұғызбайды, олардың зиянды әсері өнімділігін күрт төмендетеді. Бұл аурулардың ауру қоздырығыштары жалған ақ ұнтақ ауруларының қоздырығыштары сияқты тұқымдық қант қызылшасының тамырында қыстайды, нәтижесінде закымдалған тамыр жемісі келесі жылы ауруға шалдығады.

Ризомания – қант қызылшасының ең қауіпті ауруларының бірі. Ризомания қоздырығышы – қызылша тұтігін некротикалық шірітептін вирус *Beet necrotic yellow vein virus*. Ол көп кешенді, жекелеген төрт немесе бес геномды РНК –дан тұрады, олардың әрқайсысы вирусты трансляциялауда және тұзу процесінде белгілі бір рөл атқарады. Вирусты таратушы топырақ плазмодиафорлы саңырауқұлағы *Polytuxha betae*.

Polytuxha betae саңырауқұлағы қант қызылшасына әлсіз патоген болып саналады. Бірақ вирустың патогенділігі вирофорлығын тұзу алдында өрши түседі, егер өсімдікте жүйелі түрде жұқпалы індепті вирус дамитын болса, ол тасымалдаушы бола алады. Аурудың белгілері 2-3 жұп жапырақ фазасында өте ерте байқалады. Ауру егістікке саңырауқұлақтардың зооспоралары арқылы тарайды. Жұқпалы індепті вируспен закымдалған егістікке егілген қант қызылшасына саңырауқұлақтардың зооспоралары тамыр түгі – ризоидтары және тамыр жемісінің эпидермалды жасушалары арқылы еніп, зақымдайды. Саңырауқұлақтардың таралу жылдамдығы топырақтың ылғалдылығына байланысты. Цисталардың зооспораға айналуы тек ылғалдылығы жоғары ортада жүреді. Жоғары температура және жеткілікті ылғалдылық инфекцияның ерте жазда таралуына, ауру зияндылығының күшеюіне септігін тигізеді. Дерттенген өсімдіктің жапырақтары ашық жасыл түстен сары түске дейін өзгеріп, ширатылып ұзын шыбық тәрізді болады. Дегенмен жапырақтан аурудың әдеттегі белгілері сирек кездеседі, көбінесе біліне бермейді. Сондықтан егістік жағдайда сыртқы белгілері арқылы жасалатын диагностиканың қыншылығы бар. Ризоманияның басты белгілері тамыр жемісінің өсуінің баяулауы (ергежайлілік) және шамадан тыс бүйірінен, түбінен «сақал» тәріздес өсінділер пайда болады.

Вируспен закымдалған дақылда ауытқыған зат алмасу жүреді: өсуі, қант жиналу үрдісі баяулайды, өткізу жүйесінің қызметі бұзылады, сонында тамыр жемісіндегі су мөлшері төмендетеп, жалпы α-амин азотты қосылыстар, натрий, калий, кальций, күл элементтері сау тамыр жемісімен салыстырғанда артады да, құргақ заттардың құрамы азаяды. Закымдалған қант қызылшасы ағаш тәрізді кеуектеніп, көбінесе төменгі белгігінен шіри бастайды. Аталған өзгерістердің салдарынан тамыр жемісінің технологиялық қасиеттері нашарлайды және қанттың шығуы төмендейді. Қант қызылшасының ризоманиямен закымдалуы өнімнің 50% және қанттылығының 10% дейін төмендеуіне экеледі [15-16].

Қант қызылшасының өнімін жоғалтпау үшін ауруларға уақытылы диагностика жасалуы қажет. Ауру қоздырығыштардың биоэкологиялық өсу ерекшеліктерімен қатар инфекция ошағын білу аурудың алдын алу шараларын жүргізуге, дақылды сауықтыруға, ауруды шектеуге және

вегетация кезеңінде жекелеген ауруларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қант қызылшасын аурулардан, зиянкестерден қорғау – өнімділікті жоғарылатудың басты шарты. Оған кіретіндер: ауруға төзімді сұрыптарды және будандарды өсіру, ауыспалы егістікті дұрыс жүргізу, химиялық және биологиялық қорғау шараларын қолдану. Аурулардан және зиянкестерден қорғау іс-шараларын уақытылы және сапалы жүргізу өнімнің шығынын 25-30% сақтап қалады [17-18].

Қант шаруашылығының өнімділігін жоғарылатудың маңызды мәселесі селекциялық-генетикалық әдістер арқылы ауруға төзімді және жоғары өнімді сұрыптарын шығару болып табылады.

Қазақстанда қант қызылшасының ауруға төзімді гибридтерін шығаруда Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының селекциялық-гендік қорында сақталған 300-ден астам селекциялық-тұқымдық қант қызылша үлгілеріне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша, қазіргі уақытта ауылшаруашылық өндірісінде отандық селекциядан үш қант қызылшасының будандары қолданысқа берілді. Бұл будандардың өнімділігі және қанттылығы жоғары. Сонымен қатар олар биотикалық, абиотикалық факторларға төзімді болып келеді. Қолданысқа берілген қант қызылшасының будандарының (КазСибМС-14 және КазМС-19) өнімділігі өсіру жағдайына байланысты 400-500 ц/га өзгеріп отырады, тұқым өнімділігі 22 ц/га, ал қанттылығы 15% дейін болады. Қант қызылшасының жаңа будандарын (КазМС-20 және КазМС-21) мемлекеттік сұрып сынақтарынан өткізгенде, олардың ең басты жетістіктері – ризомания (вирустық ауру) және тамыр шірігі ауруларына төзімді болып табылды.

Қант шаруашылығының қазіргі қызылшасының жағдайына қарамастан, еліміздің қант шаруашылығын жандандыруға әлеуеттік мүмкіндіктері бар. Олар: табиғи-климаттық жағдайы, қызылша егуге жердің қолайлышығы.

Қант шаруашылығын отандық жоғары сапалы тұқым өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қант қызылшасының бастапқы және элиталы тұқым шаруашылығының сұрыптары мен будандарының аудандастырылған орталығын құру қажет. Сонымен қатар қант қызылшасының тұқым шаруашылығының ресурс қорын жинақтайдын технологияны өндеп, өндіріске енгізу қажет.

Әлемдік тәжірибеде соңғы 30 жылда ауылшаруашылық дақылдарының өнімнің 40-50% өсуі олардың тұқымының сұрыптарына байланысты, демек жоғары сапалы сұрыптар мен будандарды қолдану өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді [19-21].

ӘДЕБИЕТ

- [1] Калмыкова Н.А., Гоголь Л.А., Родионова Л.И. Формирование микробных сообществ почв в интенсивных свекловичных севооборотах // Мікробіол. журн. — 1994. — 56, №2. — С.100.
- [2] Бенкен А.А., Допенко А.С. Условия прорастания микросклероциев в почве // Микология и фитопатология, 1970. – С. 351-353.
- [3] Корниенко А.С. Современные проблемы защиты сахарной свеклы от болезней при индустриальной технологии ее возделывания // Интегрир. сист. защиты сахарной свеклы от вредит., болез. и сорняков. – Киев: ВНИС, 1986. — С. 62-70.
- [4] Мауи А.А. Патогенность возбудителей, вызывающих фузариозную гниль сахарной свеклы // Проблемы экологии АПК и охрана окружающей среды.- Усть-Каменогорск. -2000. -С. 74-75.
- [5] Мауи А.А. Снижение развития гнилей корнеплодов и ризомании сахарной свеклы // Новости науки Казахстана.- Алматы.-2001. – Вып. 1.- С. 48-51.
- [6] Пожар З.А., Коломиец А.П., Тишленко Е.И. и др. Агротехнические приемы защиты сахарной свеклы от вредителей, болезней и сорняков: рекомендации. — М.: Агропромиздат, 1988. — 21с.
- [7] Пожар З. А. Особенности защиты сахарной свеклы от болезней при индустриальной технологии ее возделывания и уборки // Эффект. меры защиты сахарной свеклы от болез. при индустр. техн. ее воздел. — Киев: ВНИС, 1986. — С.3-11.
- [8] Afanasiev M.M., Baldridge D. E. Selection for resistance and chemical control of Rhizoctonia root rot disease of sugar beets // J. Amer. Soc. Sugar Beet Tech. -1968. — 15, №2. — P. 428-443.
- [9] Gamliel A., Esther H., Ruhama B., Roton J. Minor pathogens in monoculture: 14 th Congr. Isr. Phytopathology Soc., Bet. Dagon., Feb. 15-16, 1993 // Phytoparasitica. — 1993. — 21, №2. — P. 157-158.
- [10] Хованская К. Н. Агротехника в борьбе с корнеедом и кагатной гнилью сахарной свеклы // Наука и перед. опыт в произв. — Киев: ВНИС. — 1965. — С. 251-255.
- [11] Мауи А.А. Вредоносность гнилей корнеплодов сахарной свеклы на орошаемых землях Казахстана // Современные проблемы защиты и карантина растений. – Алматы: «Алейрон». -2005. –С. 367-370.

- [12] Омаров Б.Б., Кожахметов М. К., Мауи А.А. Влияние элементов биологизации земледелия на развитие корневой гнили и ризомании сахарной свеклы// Актуальные проблемы защиты растений в Казахстане.- Алматы: Баставу.- 2002. -С. 24-28.
- [13] Липгардт Ю.Ю. Мучнистая роса сахарной свеклы на юго-востоке Казахстана и пути снижение ее вредоносности // Автореф. дисс. к.с.-х. наук. Киев, 1981. С.24.
- [14] Мусаев Т.С. Влияние мучнистой росы на урожайность и качества семян свеклы // Болезни сельскохозяйственных культур и меры борьбы с ними, вып. 36. Под ред. Н.Г. Запрометова, М.А. Каримова. Ташкент, 1975.С. 85-88.
- [15] Мауи А.А. Ризомания сахарной свеклы // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана.- Алматы: РНИ «Бастау».- 2006. №11. -С. 19-20.
- [16] Кожахметов М. К., Мауи А.А., Абдыомунов Н.К. Селекция сахарной свеклы на устойчивости к гнилям и ризомании // Актуальные проблемы защиты растений в Казахстане. - Алматы: Баставу.- 2002. -С. 29-32.
- [17] Момбекова Г.А., Айтхожина Н.А. Қант қызылшасында кездесетін патогенді микрофлораның түрлері // «Вирусология, Микробиология, Гигиена, Эпидемиология және Иммунобиологияның өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы.-2012. 132-133 б.
- [18] Момбекова Г.А., Шемпуря О.Н., Сейтбатталова А.И., Айтхожина Н.А., Бекмаханова Н.Е. Фитопатогены сахарной свеклы и сои, возделываемых в почвенно-климатических условиях Алматинской области // Вестник РАН.-2013 №4. С.95-100.
- [19] Мәуі Ә.Ә. Қант қызылшасын аурудан сақтау жолдары // Жарны. – Алматы: РНИ «Бастау». – 2002 - №4 52-55 б.
- [20] Абекова А.М., Абсаттарова А.С., Базылова Т.А. Создание устойчивых к болезням гибридов сахарной свеклы// Поиск.- 2007.- №8. – С.35-36.
- [21] Кулкеев Е. Проблемы семеноводства сахарной свеклы на юге и юго-востоке Казахстана// Сельскохозяйственный журнал АгроЭлем №4. 2011.-С. 14-15.

REFERENCES

- [1] Kalmykova N.A., Gogol' L.A., Rodionova L.I. Formirovaniye mikrobnih soobshhestv pochv v intensivnyh sveklovichnyh sevooborotah // Mikrobiol. zhurn. — 1994. — 56, №2. — S.100.
- [2] Benken A.A., Docenko A.S. Uslovija prorastanija mikrosklerociev v pochve // Mikologija i fitopatologija, 1970. – S. 351-353.
- [3] Kornienko A.S. Sovremennye problemy zashchity saharnoj svekly ot boleznej pri industrial'noj tehnologii ee vozdelivanija // Integrir. sist. zashchity saharnoj svekly ot vredit., bolez. i sornjakov. – Kiev: VNIS, 1986. — S. 62-70.
- [4] Maui A.A. Patogennost' vobzuditelej, vyzvajushih fuzarioznuju gnil' saharnoj svekly // Problemy jekologii APK i ochrana okruzhajushhej sredy.- Ust'-Kamenogorsk. -2000. –S. 74-75.
- [5] Maui A.A. Snizhenie razvitiya gnilej korneplodov i rizomanii saharnoj svekly // Novosti nauki Kazahstana.- Almaty.- 2001. – Vyp. 1.- S. 48-51.
- [6] Pozhar Z.A., Kolomiec A.P., Tishenko E.I. i dr. Agrotehnicheskie priemy zashchity saharnoj svekly ot vreditelej, boleznej i sornjakov: rekomendacii. — M.: Agropromizdat, 1988. — 21s.
- [7] Pozhar Z. A. Osobennosti zashchity saharnoj svekly ot boleznej pri industrial'noj tehnologii ee vozdelivanija i uborki // Jeffekt. mery zashchity saharnoj svekly ot bolez. pri industr. tehn. ee vozdel. — Kiev: VNIS, 1986. — S.3-11.
- [8] Afanasiev M.M., Baldridge D. E. Selection for resistance and chemical control of Rhizoctonia root rot disease of sugar beets // J. Amer. Soc. Sugar Beet Tech. -1968. — 15, №2. — P. 428-443.
- [9] Gamliel A., Esther H., Ruhama B., Roton J. Minor pathogens in monoculture: 14 th Congr. Isr. Phytopathology Soc., Bet. Dagon., Feb. 15-16, 1993 // Phytoparasitica. — 1993. — 21, №2. — P. 157-158.
- [10] Hovanskaja K. N. Agrotehnika v bor'be s korneedom i katagnoj gnil'ju saharnoj svekly // Nauka i pered. opyt v proizv. — Kiev: VNIS. — 1965. — S. 251-255.
- [11] Maui A.A. Vredonosnost' gnilej korneplodov saharnoj svekly na oroshaemyh zemljah Kazahstana // Sovremennye problemy zashchity i karantina rastenij. – Almaty: «Aletron».-2005. –S. 367-370.
- [12] Omarov B.B., Kozhahmetov M. K., Maui A.A. Vlijanie jelementov biologizacii zemledelija na razvitiye kornevoj gnili i rizomanii saharnoj svekly// Aktual'nye problemy zashchity rastenij v Kazahstane.- Almaty: Bastau.- 2002. -S. 24-28.
- [13] Lipgardt Ju.Ju. Muchnistaja rosa saharnoj svekly na jugo-vostoke Kazahstana i puti snizhenie ee vredonosnosti // Avtoref. diss. k.s.-h. nauk. Kiev, 1981. S.24.
- [14] Musaev T.S. Vlijanie muchnistoj rosy na urozhajnost' i kachestva semjan svekly // Bolezni sel'skohozjajstvennyh kul'tur i mery bor'by s nimi, vyp. 36. Pod red. N.G. Zaprometova, M.A. Karimova. Tashkent, 1975.S. 85-88.
- [15] Maui A.A. Rizomanija saharnoj svekly // Vestnik sel'skohozjajstvennoj nauki Kazahstana.- Almaty: RNI «Bastau».- 2006. №11. -S. 19-20.
- [16] Kozhahmetov M. K., Maui A.A., Abdymomunov N.K. Selekcija saharnoj svekly na ustojchivosti k gniljam i rizomanii // Aktual'nye problemy zashchity rastenij v Kazahstane. - Almaty: Bastau.- 2002. -S. 29-32.
- [17] Mombekova G.A., Ajthozhina N.A. Қант қызылшасында kezdesetin patogendi mikrofloranyң tyrleri // «Virusologija, Mikrobiologija, Gigiena, Jepidemiologija zhəne Immunobiologijanyң өзекті мәселелери» атты halyқaralyқ ғылыми-практикалық konferencijanyң materialdary. Almaty.-2012. 132-133 b.
- [18] Mombekova G.A., Shemshura O.N., Sejt battalova A.I., Ajthozhina N.A., Bekmahanova N.E. Fitopatogeny saharnoj svekly i soi, vozdelivaemyh v pochvenno-klimaticeskikh uslovijah Almatinskoj oblasti // Vestnik RAN.-2013 №4. S.95-100.
- [19] Mәuі Ә.Ә. Қант қызылшасын аурудан сақтаu zholdary // Zharshy. – Almaty: RNI «Bastau». – 2002 - №4 52-55 b.
- [20] Abekova A.M., Absattarova A.S., Bazylova T.A. Cozdanie ustojchivyh k boleznjam gibridov saharnoj svekly// Poisk.- 2007.- №8. – S.35-36.

[21] Kulkeev E. Problemy semenovodstva sahamoj svekly na juge i jugo-vostoke Kazahstana// Sel'skohozjajstvennyj zhurnal Agroθlem №4. 2011.-S. 14-15.

ОСНОВНЫЕ ВОЗБУДИТЕЛИ БОЛЕЗНЕЙ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ В УСЛОВИЯХ ЮГО – ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

Момбекова Г.А.

РГП «Институт микробиологии и вирусологии» КН МОН РК

В обзорной статье представлены сведения, касающиеся проблемы снижения урожая сахарной свеклы в Казахстане. Различными авторами показано, что в условиях юго-востока Казахстана широкое распространение получили такие грибные и вирусные заболевания, как корнеед, корневые гнили, мучнистая роса, ризомания. Для борьбы с этими болезнями предлагаются следующие мероприятия: чаще менять севообороты, подбирать устойчивые к болезням сорта семян, проводить своевременное обеззараживание их от патогенной микрофлоры, не выращивать в течение нескольких лет на одном месте сахарную свеклу.

Для того, чтобы уберечь урожай сахарной свеклы от потерь, необходимо проводить своевременную диагностику наиболее часто встречающихся грибных заболеваний. Также необходимо более тщательно изучать особенности развития местных патогенов в лабораторных условиях для разработки конкретных защитных мер, которые не только ограничивают, но и предотвратят развитие наиболее опасных инфекций во время вегетации и значительно повысят урожай.

Ключевые слова: сахарная свекла, патоген, грибные болезни, вирусные болезни, корнеед, корневая гниль, мучнистая роса, ризомания

Сведения об авторах:

1. Момбекова Г.А. – научный сотрудник лаборатории защиты растений, ул. Боленбай батыра 103, РГП «Институт микробиологии и вирусологии» КН МОН РК, magnazko@mail.ru.

Поступила 19.10.2014 г.